



Қазақстан Республикасы  
экология және табиғи  
ресурстар министрлігі  
Қазгидромет РМҚ

**2024 жылғы мамыр айына  
АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ**



**Астана 2024 жыл.**



**Мазмұны**

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес мамыр айының қысқаша климаттық сипаттамасы .....	5
Мамыр айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	7
2024 жылдың мамыр айында күтілетін орташа айлық температурасының нормадан ауытқуы.....	8
Мамыр айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма) .....	8
2024 жылдың мамыр айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы .....	9
Мамыр айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма) .....	9
2024 жылы Қазақстан аймақтары бойынша мамыр айында күтілетін орташа ауа температурасы .....	10
Ауа райының облыстар бойынша графигі .....	11
2024 жылдың мамыр айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы .....	12
Батыс Қазақстан облысы .....	13
Атырау облысы .....	14
Маңғыстау облысы .....	15
Ақтөбе облысы .....	16
Қостанай облысы .....	17
Солтүстік Қазақстан облысы.....	18
Ақмола облысы .....	19
Павлодар облысы .....	20
Ұлытау облысы .....	21
Қарағанды облысы .....	22
Абай облысы .....	23
Шығыс Қазақстан облысы .....	24
Қызылорда облысы .....	25
Түркістан облысы .....	26
Жамбыл облысы .....	27
Алматы облысы .....	28
Жетісу облысы .....	29

**АЛҒЫ СӨЗ**

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

*Бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ( $\pm 5^{\circ}\text{C}$ ) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.*

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:

Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры:

М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы:

Ж.Қ. Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған - АРҰМББ инженер-синоптигі:

О. Васюкова, тел. (7172) 79-83-95.

Аударған - АРҰМББ жоғары санатты техник:

Г. Масалимова, тел. (7172) 79-83-95

## Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес мамыр айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Мамыр айында көктем аяқталып, жазғы кезең басталады. Бұл айға құбылмалы ауа райы, жылудың әркелкі таралуы, жылы ауа райынан кейін қайта оралатын суық тән.

Сәуірден мамыр айына қарай ауаның орташа айлық температурасы көтеріле береді, бірақ сәуір айымен салыстырғанда баяу жоғарылайды.

Республиканың солтүстік облыстарында ауаның орташа айлық температурасы  $10-11^{\circ}\text{C}$  жоғарылайды және оңтүстік облыстарда  $+10+14^{\circ}\text{C}$  құрайды, ал оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарында  $4-7^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылайды және  $+16+21^{\circ}\text{C}$  құрайды.

Өте суық жылдары ауаның орташа айлық температурасы солтүстікте  $+7+9^{\circ}\text{C}$ , оңтүстікте  $+15+17^{\circ}\text{C}$  дейін төмендейді, ал өте жылы жылдары Қазақстанның солтүстік жартысында  $+16+20^{\circ}\text{C}$ , оңтүстік жартысында  $+22+24^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылайды.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы республиканың солтүстігінде мамырдың бірінші онкүндігінде тұрақты кезеңге  $+10^{\circ}\text{C}$ -тан өтуі болады. Ауаның орташа тәуліктік температурасы Қазақстанның оңтүстік облыстарында мамырдың соңында  $+20^{\circ}\text{C}$ -тан өтуі болады. Кейбір жылдары бұл кезең 2-3 аптаға ертерек немесе орташа уақытынан осынша кешірек болуы мүмкін.

Қазақстанның оңтүстік және батыс аудандарында үсік әдетте мамырдың бірінші жартысында, ал солтүстік аудандарда айдың соңында аяқталады. Батыста және оңтүстік-шығыста кейбір жылдары айдың соңына дейін жалғасуы мүмкін, солтүстік, шығыс, орталық Қазақстанда маусым айында да үсік байқалады.

Ауаның абсолюттік максималды температурасы Қазақстанның солтүстік облыстарында  $+35+39^{\circ}\text{C}$ , оңтүстік облыстарда  $+40+45^{\circ}\text{C}$  құрайды.

Ауаның абсолюттік минималды температурасы еліміздің солтүстігі мен шығысында  $-10-20^{\circ}\text{C}$ , оңтүстік-шығысында  $-3-14^{\circ}\text{C}$ , оңтүстігінде  $-4-10^{\circ}\text{C}$  құрайды.

Жауын-шашынның мөлшері сәуірден мамырға қарай Қазақстанның солтүстік бөлігінде және оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың таулы аудандарында көбейіп, бір айда солтүстік облыстарда 21-52 мм, оңтүстіктің, оңтүстік-шығыс және шығыстың таулы аудандарында 100-200 мм құрайды. Оңтүстік-батыста және оңтүстіктің шөлді аудандарында жауын-шашынның мөлшері біршама азайып, 6-16 мм жетеді.

Кей жылдары жауын-шашынның мөлшері күрт ауытқып, қалыптағыдан 2-3 нормаға дейін, ал шөлді аудандарда 4-5 нормаға дейін жауады.

Жауын-шашын көбінесе жаңбыр түрінде болады. Жаңбыр нөсерге ұласып, тәулік ішінде Қазақстанның солтүстігінде 25-30 мм, кей жерлерде 67-75 мм, тау бөктерлерінде 46-62, тауларда 95 мм және одан көп болады.

Кейбір жылдары Республиканың солтүстік жартысында, сол сияқты оңтүстік шығыстағы таулы және тау бөктерлеріндегі аудандарда жауын-шашын қар түрінде болуы мүмкін.

Республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс және шығыстағы таулы аудандарында күннің күркіреуі жиілейді. Бұл жерлерде күннің күркіреуі 4-6, ең көп 12-15, республиканың солтүстігінде орташа есеппен 1-4, ал ең көп 14 рет күркіреді.

Мамыр айында бұршақ көптеген аймақтарда 10 жылда 2-5 рет, шөлейт аймақтарда 10 жылда 1-2 рет, ұсақшоқылы аудандарда 10 жылда 4-8 рет, Іле Алатауының тауларында айына 1-3 рет болады.

Республиканың көптеген жазықты аймақтарында қатты дауыл 24-34, кей жерлерде 40 м/с жылдамдықпен, 15 жылда 1-3 рет болады.

Шаңды дауылдар ең көп саны Батыс Қазақстан облысында және Атырау облысының солтүстігінде 3-9 тәулікке, Сырдария аңғарында, Қазақтың ұсақшоқылы жерінің батыс бөлігінде және Ертіс даласында – 4-7 тәулікке, қалған аймақтарда 1-3 тәулікке дейін байқалады.

Мамыр айында тұманның байқалуы көбінесе тау бөктерлерде айына – 1-2, тауларда – 4-10 тәулік, қалған аймақтарда 10 жылда 2-ден 7 тәулікке дейін болады.


**Мамыр айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.)**

Облыс	Ауа температурасы, °С	Жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан облысы	+15,6...+18,4	18...35
Атырау облысы	+17,7...+19,5	18...33
Маңғыстау облысы	+18,2...+21,2	10...30
Ақтөбе облысы	+13,7...+18,7	18...37
Қостанай облысы	+13,3...+17,3	16...41
Солтүстік Қазақстан облысы	+12,9...+13,7	25...39
Ақмола облысы	+12,3...+14,7	23...39
Астана қаласы	+14,5	33
Павлодар облысы	+13,4...+14,8	20...30
Ұлытау облысы	+14,5...+18,4	9...27
Қарағанды облысы	+12,2...+17,4	9...37
Абай облысы	+12,2...+16,9	15...36
Шығыс Қазақстан облысы	+6,7...+16,1	21...75
Қызылорда облысы	+19,7...+21,6	10...23
Түркістан облысы	+10,7...+22,2	13...103
Шымкент қаласы	+19,3	56
Жамбыл облысы	+14,7...+19,8	14...63
Алматы облысы	+2,8...+18,6	12...139
Алматы қаласы	+17,1	99
Жетісу облысы	+12,0...+18,9	8...95


## 2024 жылғы мамыр айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

Мамыр айында ауаның орташа температурасы республиканың басым бөлігінде *нормадан 1-2° жоғары*, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарында, Ақтөбе облысының батысында *норма шамасында* болады деп күтілуде.

### 2024 жылдың мамыр айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы



### Мамыр айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма: 1991-2020 жж.)







## 2024 жылдың мамыр айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Мамыр айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Ұлытау облысы, Қызылорда облысының басым бөлігінде, Ақтөбе, Қостанай облыстарының оңтүстік-шығысында, Ақмола облысының оңтүстік-батысында, Қарағанды облысының батысында, Түркістан, Жамбыл облыстарының солтүстік-батысында *нормадан аз*, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының батысында *нормадан көп* деп болжанады.

### 2024 жылдың мамыр айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




### Мамыр айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма: 1991-2020 жж.)



## 2024 жылғы мамыр айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы











Ауаның орташа айлық температурасы республиканың басым бөлігінде +13+20°C, елдің оңтүстік жартысында +21+24°C, елдің қиыр шығысында және оңтүстік-шығысындағы таулы аудандарда +5+12°C дейін күтіледі.

### 2024 жылдың мамыр айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы




### 2001 жылға ұқсас


## Облыстар бойынша мамыр айына ауа райы кестесі




Абай облысы




Шығыс Қазақстан облысы




Қызылорда облысы




Түркістан облысы




Жамбыл облысы



Алматы облысы



Жетісу облысы



Шартты белгілер:

- |                          |                     |                                       |             |        |
|--------------------------|---------------------|---------------------------------------|-------------|--------|
| кей жерлерде жауын-шашын | аздаған жауын-шашын | қар                                   | нөсерлі қар | бұршақ |
| қар аралас жаңбыр        | ығғалыңды нөсерлі   | жаңбыр                                | найзағай    | дауыл  |
| нөсерлі жаңбыр           | шанды дауыл         | Кей жерлерде желдің 15-20 м/с күшейуі |             |        |
| көк тайғақ               | тұман               | ЮЗ                                    | ЮВ          | СВ     |
| тұман                    | ЮВ                  | ЮЗ                                    | СВ          | ЮВ     |
| бұрқасын                 | ЮЗ                  | ЮВ                                    | СВ          | ЮВ     |
- көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы  
 түнгі ауа температурасының барысы  
 күндізгі ауа температурасының барысы  
 ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы

## Қазақстан облыстары бойынша 2024 жылғы мамыр айына консультативтік ауа райы болжамы

### Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+16,1+18,7^{\circ}\text{C}$  күтіледі, бұл норма шамасында (норма:  $+15,6+18,4^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$  -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$  -қа дейін, күндіз  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+4+9^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстігінде  $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+1^{\circ}\text{C}$ -тан  $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан  $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+11^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+26+31^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстігінде  $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың батыс жартысында нормадан көп, облыстың шығыс жартысында норма шамасында күтіледі (норма: 18-35 мм).

Жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі. Бұршақ айдың басында болуы мүмкін. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің соңында болжануда.



## Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+18,2+20,0^{\circ}\text{C}$  күтілуде, бұл норма шамасында (норма:  $+17,7+19,5^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында  $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+5^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+20+25^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+27+32^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың батысында нормадан көп күтілуде (норма: 18-33 мм).

Жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында болжануда. Тұман бірінші онкүндіктің соңында болжанады.



## Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+18,7+21,7^{\circ}\text{C}$  күтілуде, бұл норма шамасында (норма:  $+18,2+21,2^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -тан  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде, шығысында  $+27^{\circ}\text{C}$ -тан  $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде  $+37^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 10-30 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі болжанады.



## Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+14,7+19,7^{\circ}\text{C}$  күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан  $1^{\circ}\text{C}$  жоғары*, облыстың батысында *норма шамасында*. (норма:  $+13,7+18,7^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде*  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $+17^{\circ}\text{C}$ -тан  $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде үсік  $3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+7+12^{\circ}\text{C}$  дейін, *күндіз*  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде*  $+17^{\circ}\text{C}$  дейін, *күндіз*  $+37^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+18^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде*  $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз*  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың қиыр оңтүстістік-шығысында *нормадан аз* күтілуде (норма: 18-37 мм).

Жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің ортасында және соңында болжануда. Бұршақ айдың басында болуы мүмкін.





## Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+14,8+18,8^{\circ}\text{C}$  күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}\text{C}$  жоғары (норма:  $+13,3+17,3^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $1^{\circ}\text{C}$ - үсіктен  $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $0-5^{\circ}\text{C}$  үсікке дейін, күндіз  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде түнде  $+5^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз  $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $0-5^{\circ}\text{C}$  үсіктен  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде  $+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+19^{\circ}\text{C}$ -тан  $+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде  $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+28^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстік-шығысында нормадан аз күтіледі. (норма: 16-41 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің екінші жартысында, үшінші онкүндіктің соңында, жауын-шашын (жаңбыр, қар) – бірінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с бір ай бойы жиі болжанады.



## Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+14,7+15,7^{\circ}\text{C}$  күтілуде, бұл нормадан  $2^{\circ}$  жоғары (норма:  $+12,9+13,7^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының  $0-5^{\circ}\text{C}$  үсіктен  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде  $0-5^{\circ}\text{C}$  үсіктен  $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+31^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының түнде  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+13+18^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтілуде. (норма: 25-39 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында, жауын-шашын (жаңбыр, қар) екінші онкүндіктің басында күтілуде. Тұман екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктерде жиі болады деп болжанады.



## Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+14,3+16,7^{\circ}\text{C}$  деп күтілуде, бұл нормадан  $2^{\circ}$  жоғары. (норма:  $+12,3+14,7^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $0-5^{\circ}\text{C}$  үсіктен, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+22^{\circ}\text{C}$ -тан  $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $0-5^{\circ}\text{C}$  үсіктен  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде  $+22^{\circ}\text{C}$ -тан  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Ары қарай ауа температурасының түнде  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде  $+19^{\circ}\text{C}$ -тан  $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстік-батысында нормадан аз болуы күтіледі. (норма: 23-39 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің ортасында, жауын-шашын (жаңбыр, қар) екінші онкүндіктің басында күтіледі. Бұршақ екінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында болжанады. Жел  $15-20$  м/с айдың бірінші онкүндігінің соңында, екінші онкүндікте және үшінші онкүндікте жиі болжанады.



## Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+15,4+16,8^{\circ}\text{C}$  деп күтілуде, бұл нормадан  $2^{\circ}$  жоғары. (норма:  $+13,4+14,8^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің ауа температурасы түнде  $0-5^{\circ}\text{C}$  үсіктен  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $0-5^{\circ}\text{C}$  үсікке дейін, күндіз  $+13+18^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін үсік, күндіз  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтілуде. (норма: 20-30 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші, екінші онкүндіктердің басында және үшінші онкүндіктің соңында, жауын-шашын (жаңбыр, қар) екінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с әр онкүндіктің соңында болады деп болжанады.



## Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+16,4+19,7^{\circ}\text{C}$  деп күтілуде, бұл нормадан  $1-2^{\circ}$  жоғары. (норма:  $+14,5+18,4^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+14+19^{\circ}\text{C}$  дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде  $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз  $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстік-шығысында  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін болады деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде  $+9^{\circ}\text{C}$ -тан  $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -тан  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз болжанады. (норма: 9-27 мм)

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шанды дауыл бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында болжануда. Тұман екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с бір ай бойы жиі болжанады.



## Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+14,3+19,2^{\circ}\text{C}$  деп күтілуде, бұл нормадан  $2^{\circ}$  жоғары. (норма:  $+12,2+17,4^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $3^{\circ}\text{C}$  үсіктен  $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+16+21$ -тан  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $3^{\circ}\text{C}$  үсікке дейін, күндіз  $+18+23^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $+1+6^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+17+22^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың солтүстігінде  $+14^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+30+35^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың батысында нормадан аз. (норма: 9-37 мм)

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында болжануда. Бұршақ екінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Тұман екінші онкүндіктің басында болжанады. Жел  $15-20$  м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



## Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+14,0+18,7^{\circ}\text{C}$  деп күтілуде, бұл нормадан  $2^{\circ}$  жоғары. (норма:  $+12,2+16,9^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстігінде  $3^{\circ}\text{C}$  үсіктен  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+20^{\circ}\text{C}$ -тан  $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $2^{\circ}\text{C}$  үсікке дейін, күндіз  $+15+20^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+33^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $5^{\circ}\text{C}$  үсікке дейін, күндіз  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында  $+10^{\circ}\text{C}$  дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+28+33^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың оңтүстігінде түнде  $+19^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+36^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі. (норма: 15-36 мм).

Жаңбыр, найзағай жиі бірінші онкүндікте, екінші және үшінші онкүндіктердің соңында күтіледі. Шанды дауыл үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Бұршақ үшінші онкүндіктің басында болжануда. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі болжанады.



## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Ауаның орташа айлық температурасы  $+8,5+17,9^{\circ}\text{C}$  деп күтілуде, бұл нормадан  $1-2^{\circ}$  жоғары. (норма:  $+6,7+16,1^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $0-5^{\circ}\text{C}$  үсіктен, облыстың шығысында  $8^{\circ}\text{C}$  үсіктен  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -тан  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $+4^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында түнде  $3^{\circ}\text{C}$  үсікке дейін, күндіз  $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде  $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+33^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $0-5^{\circ}\text{C}$  үсікке дейін, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде және шығысында түнде  $+10^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде  $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтілуде. (норма: 21-75 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында, жауын-шашын (жаңбыр, қар) бірінші және екінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с бір ай бойы жиі болжанады.





## Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+21,2+23,1^{\circ}\text{C}$  деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары. (норма:  $+19,7+21,6^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан  $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-батысында  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ортасында ауа температурасы түнде  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+35+40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+43^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+31+36^{\circ}\text{C}$ -тан  $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде  $+23^{\circ}\text{C}$ -тан  $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+39^{\circ}\text{C}$ -тан  $+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, облыстың батысында норма шамасында күтіледі (норма: 10-23 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



## Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+12,2+23,5^{\circ}\text{C}$  деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары. (норма:  $+10,7+22,2^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+20^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан  $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+29^{\circ}\text{C}$ -тан  $+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+31+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+41^{\circ}\text{C}$  дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде  $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+18+23^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+32+37^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың оңтүстігінде  $+40^{\circ}\text{C}$  дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, облыстың оңтүстік-батысында норма шамасында күтіледі. (норма: 13-103 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел 15-20 м/с, шаңды дауыл бір ай бойы жиі күтіледі.



## Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+16,2+21,1^{\circ}\text{C}$  деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары. (норма:  $+14,7+19,8^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аймақтарында  $+18^{\circ}\text{C}$ -тан  $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте  $+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан  $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде  $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың солтүстік-батысында нормадан аз күтіледі. (норма: 14-63 мм).

Жаңбыр, найзағай, жел  $15-20$  м/с бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжануда.



## Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+4,6+20,5^{\circ}\text{C}$  деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары. (норма:  $+2,8+18,6^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде*  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде*  $2^{\circ}\text{C}$  үсіктен  $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+19^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстардың оңтүстігінде *түнде*  $+13^{\circ}\text{C}$ -тан  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+25^{\circ}\text{C}$ -тан  $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарда *түнде* үсік  $1^{\circ}$ -тан  $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+14^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде *түнде*  $+13^{\circ}\text{C}$ -тан  $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $29^{\circ}\text{C}$ -тан  $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде*  $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде*  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі. (норма: 12-139 мм).

Жаңбыр, найзағай, жел  $15-20$  м/с бір ай бойы жиі күтіледі. Бұршақ бірінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің соңында болжанады. Тұман екінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі.



## Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+13,7+20,6^{\circ}\text{C}$  деп күтілуде, бұл нормадан  $1-2^{\circ}$  жоғары. (норма:  $+12,0+18,9^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аудандарында үсік  $1^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аудандарында  $+12^{\circ}\text{C}$ -тан  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+35^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы күтіледі.

Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың таулы аудандарында  $1^{\circ}\text{C}$  үсікке дейін, күндіз  $+17+22^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың оңтүстігінде  $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарда  $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде  $+19^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+34^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында  $1^{\circ}\text{C}$  үсікке дейін, күндіз  $+17+22^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың оңтүстігінде  $+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде және орталығында түнде  $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі. (норма: 8-95 мм).

Жаңбыр, найзағай, жел  $15-20$  м/с бір ай бойы жиі күтіледі. Бұршақ бірінші онкүндіктің ортасында болуы ықтимал. Тұман екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің басында болжанады. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің соңында болжануда.



Қазақстан Республикасы  
Астана қ-сы  
Мәңгілік Ел к-сі 11/1  
тел: 8(7172)79-83-95  
E-mail:  
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан  
г.Астана  
ул.Мәңгілік Ел 11/1  
тел: 8(7172)79-83-95  
E-mail:  
Udpp@meteo.kz